

**Еңбекшіқазақ ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірінде N 31-12 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылды 28 сәуірде N 2684 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 мамырдағы № 33-5 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 30.05.2014 жылғы № 33-5 шешімімен.**

**Р К А О е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6–бабы 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Әлеуметтік сала, білім, мәдениет және ұлттаралық қатынастар жөніндегі" тұрақты **жүктелсін.**

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық**

**мәслихаттың**

**31-сессиясының тәрағасы**

**А. Гусев**

**Аудандық мәслихат хатшысы**

**Ә. Талқамбаев**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**"Еңбекшіқазақ**

**ауданының**

**жұмыспен**

**қамту**

**және**

**әлеуметтік**

бадарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы Айсина Қалдықұл Оспанәліқзы  
18.04.2014 жыл

"Еңбекшіқазақ ауданының экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы Жакеев Ермек Ильянұлы  
18.04.2014 жыл

Еңбекшіқазақ	аудандық	мәслихатының
2014	жылғы	сәуірдегі
"Еңбекшіқазақ		ауданында
элеуметтік		көмек
көрсетудің,	оның	мөлшерлерін
белгілеудің	және	мұқтаж
азаматтардың		жекелеген
санаттарының	тізбесін	айқындаудың
Қағидаларын	бекіту туралы"	N 31-12
шешіміне қосымша		

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және  
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың  
Қағидалары**

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
  - 1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
  - 2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты

әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімнің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Алматы облысының статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереke күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсерे алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын Еңбекшіқазақ ауданының халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

8) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетакы төлеу жөніндегі орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға тәнестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартышылдықта бір рет) көрсетіледі.

6. Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндердің тізбесі:

1) 15 ақпан – Ауғаныстаннан кеңес әскерін шығарған күні;

- 2) 26 сәуір - Чернобыль апатының күні;  
 3) 9 мамыр – Жеңіс күні;  
 4) 1 қазан – Қарттар күні;  
 5) қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасы мүгедектерінің күні.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

7. Әлеуметтік көмек атаулы күндер мен мерекелік күндерге, біржолы, табыстарын есепке алмай көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесі және шекті мөлшерлері :

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 27 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар – 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар - 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

4) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттары - 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

5) жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және ең төменгі мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлерге - 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін ;

6) мүгедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейін мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған адамдар - 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

7) көп балалы отбасылар - 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

8) өмірлік қызын жағдайда қалған балаларға, оның ішінде жетім балаға (жетім балаларға), бала (балалар) - 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар - 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне д е й і н ;

10) әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын азаматтар (онкологиялық аурулармен ауыратындарға, АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) және туберкулезден ауыратындарға) - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

11) әлеуметтік көмекке тағайындау үшін өтініш білдірген жастар (студенттер) отбасының жанбасына шаққандағы табысы облыс бойынша белгіленген күнкөріс деңгейі өткен тоқсаннан аспағанда. Қажетті мамандықтар тізбесіне сәйкес, табыстарын санамағанда облыстық бюджет қаражаты есебінен білім мекемелерінде жоғары, арнайы-орталық аттестациялық оқуын жалғастырып жатқан

жастарға (студенттерге) шығысты өтеуге, нақты шығындарын төлеу үшін - 416 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

12) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келтірілгенде отбасына табыстарын есепке алмай, біржолы - 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыс көзін есептемегендеге Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне төленетін коммуналдық қызмет шығындарына, көмір шығындарына, байланыс қызметіне (абоненттік төлем) 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асыралады.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін азаматтар уәкілетті органға немесе қала, селолық округ әкіміне бір ай мерзімде өтініш білдіруі керек.

Азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіздеме болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) облыс бойынша ең төмен күнкөріс деңгейіне бір еселік қатынаста шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесін басшылыққа алады.

9. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Алматы облысының жергілікті атқарушы органдың келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

11. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті үйым не өзге де үйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

12. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе селолық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұргылықты жері бойынша тіркелгенін раставтын құжатты;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" N 504 қаулысының 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді (бұдан әрі - Үлгілік қағида);

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын раставтын құжатты және/немесе актіні.

13. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтада.

14. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе селолық округтың әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

15. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағиданың 2, 3 - қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе селолық округтың әкіміне жібереді.

Селолық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

16. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

17. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

18. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе селолық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

19. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он

қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

20. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіrkеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 15 және 16-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе селолық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

22. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

23. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;  
2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

24. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырады.

25. Әлеуметтік көмекті төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың банктік шотына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

26. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеңекен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда

**т о к т а т ы л а д ы .**

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап  
**т о к т а т ы л а д ы .**

27. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының  
заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

## **5. Қорытынды ереже**

28. Әлеуметтік көмек көрсете мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана  
**о т ы р ы п ж ү ր ғ і з ө д і .**

29. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының  
қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК